

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы ұғымы, жүйесі, қағидалары

- 1. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының ұғымы*
- 2. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жүйесі*
- 3. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қағидасы*

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының ұғымы

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы – еңбекке қабілетсіз азаматтарға материалдық және әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы қатынастарды, сондай-ақ олармен тығыз байланысты заңдық фактілерін анықтау және дауларды шешу жөніндегі іс жүргізу қатынастарын реттейтін құқық саласы.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негізгі институттары: еңбек стажы, зейнетақылар, жәрдемақылар, жеңілдіктер, өтемақылар, әлеуметтік қызмет көрсету.

Жәрдемақы институты: балалары бар тұлғаларға берілетін жәрдемақылар, еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы, жерлеуге байланысты берілетін жәрдемақылар және т.б.

Зейнетақы институты: жасына байланысты зейнетақы, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы, әлеуметтік зейнетақылар және т.б сияқты құрылымдардан тұрады.

Кешенді институт бір институт: әр түрлі құқық саласының нормаларын біріктіреді. (Зейнетақы институты – қаржы құқығы, азаматтық құқық, әкімшілік құқық, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы)

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының оқу курсының жүйесі үш бөлімнен тұрады:

Жалпы бөлімде – Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының пәнін, әдісін және міндетін, құқық нормаларының уақыттағы, кеңістіктегі және тұлғалар шеңбері бойынша, күшін, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастарды, құқықтық қатынастардың туындау, өзгеру және тоқтатылу негіздері, олардың объективтілерін, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қағидаларын, жүйесін және қайнар көздеріне сипаттайтын нормалар жатады.

Ерекше бөлімде – әлеуметтік қамсыздандыру саласының жекелеген институттарын зерттейді. Зейнетақымен қамсыздандыру, еңбек стажы, жәрдемақымен қамсыздандыру, жеңілдіктер, өтемақылар т.б. Ерекше бөлім азаматтарға әлеуметтік қамсыздандырудың әртүрлі түрлерін ұсынудың жағдайлары мен тәртібін, олардың мөлшерін реттейді.

Арнайы бөлімде – әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастарды халықаралық құқықтық реттеудің мәселелері, сонымен қатар шетел мемлекеттерінің халықты әлеуметтік қамсыздандыруға қатысатын заңдары қарастырылады.

*қағидалар мен
міндеттер*

*азаматтардың әлеуметтік
қамсыздандыру
саласындағы негізгі
құқықтары*

*мемлекеттің, зейнетақылық
қорлардың және жергілікті өзін-
өзі басқару органдарының
әлеуметтік қамсыздандыруды
құқықтық реттеуге қатысты
құзыретін ажырату*

Жалпы бөлім нормалары:

*Ерекше
бөлім
құрылымы*

*жасына
байланысты
зейнетақылар*

*азаматтарды
жасына қарай
әлеуметтік
қамсыздандыру
ға құқықтарын
қорғау және
сақтау*

*мүгедектігі
бойынша
зейнетақылар*

*әлеуметтік
зейнетақылар*

*еңбек
зейнетақыларын
тағайындаудың,
есептеудің және
төлеудің
тәртібі*

*еңбек сіңірген
жылдары
үшін
төленетін
зейнетақылар*

*асыраушысына
н айырылуына
байланысты
зейнетақылар*

*қарттарға
және
мүгедектерге
әлеуметтік
қызмет
көрсету*

әлеуметтік қамсыздандырудың жалпыға ортақтығы және қол жететіндігі;

әлеуметтік қамсыздандыру түрлерінің жан-жақтылығы және көптүрлілігі;

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының келесі қағидаларын атауға болады:

әлеуметтік қамсыздандыру елдің қалыптасқан экономика деңгейіне сәйкес мөлшерде беріледі;

әлеуметтік қамсыздандыру осы үшін арналған қаражат есебінен жүзеге асырылады;

*Әлеуметтік
қамсыздандыру
құқығының салалық
қағидаларына мынадай
қағидаларды жатқызуға
болады:*

- *жалпыға ортақтық;*
- *міндеттілік;*
- *мемлекеттік бюджет және зейнетақылық қорлар есебінен қаржыландырылу;*
- *ақшалай төлемдерді беру негіздерін еңбек жағдайына (зиянды, ауыр және т.б.), табиғи-климаттық жағдайларға, орташа жалақының деңгейіне, еңбек стажының деңгейіне, жасына және т.б. қарай түрлерге бөлу;*
- *әмбебаптылық;*
- *кешенділік.*

*Әлеуметік
қамсыздандыру
құқығының салаішілік
қағидалары:*

мақсаттылық

қолжетерлік

еріктілік

*кәметке
толмаған
тұлғаларға
әлеуметтік
қызметтерді
көрсетудің
артықшылығы*

құпиялық